

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

Көлік техника кафедрасы

С.Тұрсынжан

Көркем әдебиет шығаратын баспахананың басудан кейінгі кітапшалау-түптеу
цехының технологиялық бөлімін жобалау

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B072200 – Полиграфия

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті


Ж. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты

Көлік техникасы кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

т.ғ.д., профессор

 Машеков С.А.

« 11 » 05 2019 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА


Тақырыбы: «Көркем әдебиет шығаратын баспахананың басудан кейінгі
кітапшалау-түптеу цехының технологиялық бөлімін жобалау»

5B072200 – Полиграфия

Орындаған

Тұрсынжан С.

Ғылыми жетекші
физ.-мат. ғыл. канд., КТкаф.
қауым. профессоры

 Б.А. Байтимбетова

« 20 » 05 2019 ж.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә. Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты


Көлік техника кафедрасы

5В072200 – Полиграфия

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

т.ғ.д., профессор

 С.А. Машеков

« 17 » 11 2019 ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Тұрсынжан Сандуғаш

Тақырыбы: «Көркем әдебиет шығаратын баспаханың басудан кейінгі кітапшалау-түптеу цехының технологиялық бөлімін жобалау»

Университет Ректорының 2018 жылғы «06» қараша № 1252-б бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2019 жылғы «23» мамыр

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: кітап 1: басылымның форматы: $60 \times 90^{1/16}$, $V_{(ф.б.т.)}=13$, $T=22$, $H=100$, бояулығы 1+1; кітап 2: басылымның форматы: $70 \times 90^{1/16}$, $V_{(ф.б.т.)}=15$, $T=30$, $H=60$, бояулығы 1+1; кітап 3: басылымның форматы: $70 \times 100^{1/16}$, $V_{(ф.б.т.)}=50$, $T=20$, $H=75$, бояулығы 4+4;

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Технологиялық бөлім

б) Еңбек қорғау бөлімі

в) Экономикалық бөлім

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс): сызба материалдары технологиялық сұлбадан, жүктер ағымынан, жабдықтардың жүктемесінен, эвакуация жоспарынан, технико-экономикалық көрсеткіштерінен тұрады.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 14 атаудан тұрады.

Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Технологиялық бөлім	15.01-01.03.2019	
Еңбекті қорғау бөлім	01.03-20.03.2019	
Экономикалық бөлім	26.03-30.04.2019	

Дипломдық жұмыс (жоба) бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жұмысқа (жобаға) қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Технологиялық бөлім	физ.-мат. ғыл. канд., КТ каф. қауым. профессоры Б.А Байтимбетова	20.05.19	<i>Байт</i>
Ереже бақылау	Ж.Ж. Толыбаева КТ каф. лекторы	21.05.19	<i>Толы</i>

Ғылыми жетекші _____ *Байт* Б.А.Байтимбетова

Тапсырманы орындауға алған білім алушы _____ *С.Тұрсынжан* С.Тұрсынжан

Күні « 15 » 11 2019 ж.

АҢДАТПА

Жобаланатын дипломдық жобада кітап өнімдерін шығаратын баспахананың басуға дейінгі цехының технологиялық бөлімі қарастырылған.

Дипломдық жоба келесі бөлімдерден тұрады:

- технологиялық бөлім;
- қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімі;
- экономикалық бөлім.

Технологиялық бөлімде басуға дейінгі цехының технологиялық процесі жобаланды. Түсіндірме жазбада цехқа қажетті жабдықтар саны, негізгі материалдар шығыны, жұмысшылар саны және т.б. қажетті көрсеткіштер келтірілген.

Экономикалық бөлімде жобаланған цехтың техника-экономикалық көрсеткіштері есептелді.

Еңбекті қорғау бөлімінде басуға дейінгі цехтың жарықтандыру мәселелері қарастырылады.

Дипломдық жобаның түсіндірме жазбасы 43 беттен, 21 кестеден, 1 суреттен тұрады.

Сызбалық бөлім келесі сызба түрінде берілген:

- басылымды басуға дейінгі цехында даярлаудың технологиялық сұлбасы;
- басуға дейінгі цехының жоспары;
- жүк ағымы;
- төтенше жағдайдағы эвакуация жоспары;
- техника-экономикалық көрсеткіштері.

АННО АЦИЯ

В дипломном проекте рассматривается технологическая часть допечатного цеха типографии по выпуску книжной продукции.

Дипломный проект состоит из следующих разделов:

- технологическая часть;
- безопасность и охрана труда;
- экономическая часть.

В технологической части проекта дается полное описание технологическому процессу допечатного цеха. Таким В пояснительной записке проекта рассчитаны количество необходимого основного оборудования, расход основных материалов, подсчитан рабочий персонал и другие показатели.

В экономической части рассчитаны технико-экономические показатели допечатного цеха.

В разделе охраны труда рассмотрены вопросы освещения допечатного цеха.

Пояснительная записка дипломного проекта состоит из 43 страниц, 21 таблиц, 1 рисунка.

Графическая часть проекта представлена в виде чертежей:

- технологическая схема изготовления издания в допечатном цехе;
- планировка производства;
- схема грузопотоков;
- план эвакуации при чрезвычайных ситуациях;
- технико-экономические показатели.

THE SUMMARY

In the designed thesis project is considered the technological part of the prepress shop printing house for the production of book products.

The graduation project consists of the following sections:

- technological part;
- safety and labor protection;
- the economic part.

The technological part of the project provides a full description of the technological process of the prepress shop. Thus, in the explanatory note of the project, the amount of the main equipment required, the consumption of basic materials, the working personnel and other indicators were calculated.

In the economic part, the calculated technical and economic indicators of the prepress shop.

In the section of labor protection considered the issues of lighting prepress shop.

Explanatory note of the graduation project consists of 43 pages, 21 tables, 1 figure.

The graphic part of the project is presented in the form of drawings:

- technological scheme of production of the publication in the prepress shop;
- production planning;
- traffic flow diagram;
- emergency evacuation plan;
- technical and economic indicators.

МАЗМҰНЫ

	Кіріспе	9
1	Технологиялық бөлім	10
1.1	Басылымның техникалық сипаттамасы	10
1.2	Басылымды кітапшалау-түптеу цехында даярлаудың технологиялық сұлбасы	11
1.3	Кітапшалау-түптеу цехының технологиялық процесін талдау және орнықтыру	13
1.4	Кітапшалау-түптеу цехының негізгі жабдығын таңдау	17
1.5	Кітапшалау-түптеу процесінің негізгі материалдарын таңдау	23
1.6	Кітапшалау-түптеу цехының материалдарын есептеу	
1.7	Технологиялық есептер	25
1.8	Қойма шаруашылығы	25
2	Еңбекті қорғау	27
2.1	Ауа ортасының микроклиматы және тазалығы	27
2.2	Ауаны тазарту және желдету	27
2.3	Өрт қауіпсіздігі	28
3	Экономикалық бөлім	29
3.1	Күрделі (бірреттік) шығындар	29
3.2	Ағынды үлестірімдер (айлық шығындар)	32
	Қорытынды	48
	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	
	А қосымша	
	Б қосымша	

КІРІСПЕ

Полиграфиялық өндіріс процесінің нәтижесі оқырманның ақпараттық қажеттілігін қанағаттандыратын, экономикалық, саяси және мәдени тәрбиелік мәні бар, өзінде бірнеше басылым түрін жинақтаған өнім. Өнім бірнеше технологиялық әдістермен жасалады.

Кітапшалау-түптеу процесі кітап, журнал, кітапшалар және басқада полиграфиялық өнімді даярлаудың технологиялық процесстерін аяқтайды. Бұл өнімдер басу цехында басылғаннан кейін қосымша өңдеуді және безендіруді қажет етеді. Кітапшалау-түптеу цехында технологиялық процесстер негізгі операциялар қатарымен сәйкес келеді. Олардың ішінде барлық технологиялық схемаларда кездесетін операциялар: дәптерлерді даярлау, жинақтау, бекіту және кітап блогын өңдеу, механикалық өңдеу, желімдеу, жартылай өнімді кептіру, түптеу қаптарын даярлау. Оларды безендіру түптеу қабын блокқа кигізу, дайын өнім сапасын тексеру.

Кітап шығару барысындағы кітапшалау-түптеу өндірісінің қиындықтары, күрделіліктері бірімен бірі сыбайлас бірнеше негізгі факторларға байланысты:

- кітапшалау-түптеу жабдықтарының жетілдірілген өнімдік деңгейіне;
- технологиялық процесстердің механикаландыру және автоматтандырылу дәрежесіне;
- кеңінен тараған кітап өнімдерінің құрылымына, оларды шығару барысында қолданылатын жабдықтардың мүмкіндігіне сай келуі, былайша айтқанда технологиялылығына.

Кітап өнімдерін шығару процесіне негізінен кітап топтамасы (блок) құрамындағы дәптерлерді түбінен бекіту тәсілі әсер етеді.

Кітаптың құрылымы оны жасап шығарудағы еңбек көлеміне ғана әсер етіп қоймайды. Ол сондай-ақ, қолданылатын технологиялық процеске, жабдықтардың түріне және өндірісті ұйымдастыру жұмысына да ықпал етеді.

Кітапшалау-түптеу жабдықтарын олардың әртүрлі параметрлеріне, қасиетіне т.б. көрсеткіштеріне қарай классификациялауға болады. Олардың ішіндегі ең тиімдісі және ыңғайлысы – машиналарды өздерінің өңдейтін өнімінің түріне қарай (табақты қағаз, дәптер, кітап топтамалары, мұқаба т.б.) жіктеу дұрыс болады.

Полиграфияда түрлі әдістермен шығарылатын өнімнің көп түрі кездеседі. Солай бола тұра өнім бағасы тұтынушы сұранысы және пайдаланылатын ортасына байланысты көрсеткіштермен анықталады, басты көрсеткіштерге: өзіндік құн, өнімділік, пайда, сапа, сұраныс, шикізат және материалдың қолданылуы, өнім бағасы, еңбек өнімділігі және т.б жатады. Міне сондықтан, белгілі басылымның техникалық сипаттамасын өндеген өте маңызды. Өнімді басуға жабдық таңдау көбіне оның түрі мен сипатына байланысты болады, таңдалған жабдықты негіздеу үшін оның экономикалық көрсеткішін ескерген жөн. Толығымен жабдық тиімділігі олардың технологиялық, техникалық және техника экономикалық көрсеткіштерімен бағаланады [1].

1 Технологиялық бөлім

1.1 Басылымның техникалық сипаттамасы

Өндіріске тапсырыс келгеннен кейін оның технологиялық картасы даярланады. Ол картаға басылымды даярлау кезіндегі барлық параметрлер ескерілуі тиіс. Сол параметрлердің толық сипаттамалары 1-кестеде қарастырылады.

1 Кесте - Жобаланған басылымның техникалық сипаттамасы

Көрсеткіштердің атаулары	Көркем әдебиет (I)	Көркем әдебиет (II)	Көркем әдебиет (III)	Көркем әдебиет (IV)
Басылымның форматы	60×90/16	70×90/16	70×100/16	60×84/16
Таралымы, мың дана	22	30	20	35
Блоктың көлемі: физикалық баспа табақта: шартты баспа табақта: қағаз табақта: беттерде	13 13 6,5 208	15 17,4 7,5 240	10 12,9 5 160	8 7,44 4 128
Атаулар саны	100	60	50	75
Безендіру варианты	бірінші	бірінші	бірінші	бірінші
Басылымды басудың түрі	Офсеттік	Офсеттік	Офсеттік	Офсеттік
Басылым бояулылығы: блок мұқаба форзац	1+1 4+0 4+0	1+1 4+0 4+0	4+4 4+4 -	4+4 4+4 -
Жинақтау түрі	бірінің үстіне бірін қойып	бірінің үстіне бірін қойып	бірінің үстіне бірін қойып	бірінің үстіне бірін қойып
Дәптерлерді бекіту әдісі	жіппен тігу	жіппен тігу	тікпей желіммен бекіту	тікпей желіммен бекіту
Бүгілімнің түрі	үш бүктелген перпенди-куляр	үш бүктелген перпенди-куляр	үш бүктелген перпенди-куляр	үш бүктелген перпенди-куляр


1-кестенің жалғасы

Көрсеткіштердің атаулары	Көркем әдебиет (I)	Көркем әдебиет (II)	Көркем әдебиет (III)	Көркем әдебиет (IV)
Түптеу қабы: типі жамылғы материалдың түрі	№4 мұқабалық қағаз	№4 мұқабалық қағаз	№3 мұқабалық қағаз	№ 3 мұқабалық қағаз
Түптеу қабын безендіру түрі	Пленкамен пресстеу	Пленкамен пресстеу	Пленкамен пресстеу	Пленкамен пресстеу
Дәптердегі беттер саны	16	16	16	16
Блоктағы дәптер саны	13	15	10	8
Таңдалған қағаз түрі: блок: мұқаба: форзац	Офсеттік қағаз 70г/м ² Мұқабалық 160г/м ² Форзацтық 120 г/м ²	Офсеттік қағаз 70г/м ² Мұқабалық 160г/м ² Форзацтық 120 г/м ²	Офсеттік қағаз 70г/м ² Мұқабалық 140 г/м ² -	Офсеттік қағаз 70г/м ² Мұқабалық 140г/м ² -
Форзацтың түрі	Қарапайым желім-денетін	Қарапайым желімденетін	-	-
Форзацты безендіру түрі	Тематикалық	Тематикалық	-	-
Басылымның жылдық саны, мың дана	2200	1800	1000	2625
Жылдық дәптер саны	28600	27000	10000	21000
Жылдық форзац саны	4400	3600	-	-

1.2 Басылымды кітапшалау-түптеу цехында даярлаудың технологиялық сұлбасы


Басылымдарды кітапшалау-түптеу цехында даярлау екі сұлба арқылы жүзеге асады. Бірінші екі әдебиет № 4 түптеу қабындағы басылымдарды даярлаудың технологиялық сұлбасы арқылы, ал екі соңғы әдебиет №3 мұқабадағы басылымдарды даярлаудың технологиялық сұлбасы арқылы даярланады [2].

Басылымды №4 түптеу қабы бойынша кітапшалау-түптеу цехында даярлаудың технологиясы 1-суретте көрсетілген.



1 Сурет –Қатты түптеу қабындағы басылымды кітапшалау-түптеу цехында даярлаудың сұлбасы

Тікпей желіммен бекітілетін басылымды даярлаудың технологиялық сұлбасы 2-суретте көрсетілген.



2 Сурет - Тікпей желіммен бекітілетін басылымды даярлаудың технологиялық сұлбасы

1.3 Кітапшалау-түптеу цехының технологиялық процесін талдау және орнықтыру

Кітапшалау-түптеу операциялары басылған парақтарды өңдеудің соңғы сатысы, нәтижесінде дайын кітап, журнал алынады. Кітапшалау-түптеу өндірісінде ең қиыны және еңбекті көп қажет ететін процесс, түптеу қабында тігілген кітапты даярлау және безендіру болып табылады. Бұл дегеніміз басу өнімін және түптеу материалын өңдеп дайын өнім алу бойынша, өз белгіленген қызметін атқара алатын операциялар жиынтығы. Полиграфиялық басылымның негізін құраушы кітап өнімі басудан кейін ұзақ өңдеуден өтеді, оны кітапшалау-түптеу процестері деп атайды. Бұл процестер жеке басылған табақтардан басылым бөліктерін жинақтау үшін, оларға қолданыс ұзақтығы қажет ететін сәйкес өңдеулерден өткізуге қажетті. Кітапшалау-түптеу жұмыстарын кітапшалау және түптеу процестеріне бөлуге болады. Кітапшалау процестері –

басылған табақтарды блокқа айналдыру немесе мұқабадағы басылымды даярлау. Түптеу процестері – кітапты өңдеу, түптеу қабын даярлау және блокты түптеу қабымен біріктіру.

Басылған табақтарды екшелеу. Жеке табақтар түрінде түсетін өнім үшін, алғашқы технологиялық операциялар – екшелеу, кесу және бүктемелеу болып табылады. Дайын дәптер күйіндегі өнімдерге бұл операциялардан аттап кетеді. Екшелеу деп – табақтарды өзара перпендикуляр екі жақтарымен тегістеу операциясын айтады [3].

Парақтарды кесу. Таңба басылған табақтар тегістеуден кейін, келесі технологиялық операция сатысы – *кесуге* жібереді. Кітап және журналды табақты машиналарда басу кезінде бір қағаз парағында 16, 32 және 64 бет алынуы мүмкін. Егер дайын кітаптағы дәптер бетінің саны бір табақтан аз болса, онда кітапты даярлаудың бірінші процесінде арнайы машиналарда оны екі немесе төрт бірдей бөлікке бөледі. Кесу үшін бір пышақты кесу машиналары қолданылады.

Парақтарды бүктеу. Басылған парақтар керекті бөліктерге бөлінгеннен кейін *бүктемелеуге* түседі. Бүктемелеу белгілі ретпен басылған парақтардан кітап блоктарының және журналдың негізгі құрамасы, белгіленген форматтағы дәптер, форзац, мұқаба алу үшін қажетті операция. Бұл операция қарапайым конверттегі хаттаманы бұғу үшін де қажетті. Бүктемелеу полиграфиялық басылымдар өндірісі үшін қажетті және дәлдікті талап ететін операция.

Парақтарды бүктемелеу блокты жинауға керекті анықталған бетті дәптер алу үшін қажет. Техникалық шарттар бойынша өзара перпендикуляр үш бүгілімді бүктемелеу ұсынылады, ол дәптердің жоғары сапасын қамтиды, өйткені қағаз табағының қалыпты қалыңдығында жиырулар түзілмейді және бүгілімдер дәл болады. Үш бүгілімді дәптерлермен жинақталған блок кішігірім және берік болады, ол кейінгі өңдеулерді жеңілдетеді.

Форзацты бүктемелеу үшін «фальц – миниатюра», яғни бір немесе екі бүгілімді кіші форматы бүктемелеу машиналары қолданылады.

Бүктелген табақтарды пресстеу. Бүктемелеу сапасы көбіне бүгілімді қысу және бүгілім бойындағы қағаз деформациясына байланысты болады. Егер бүктелген дәптерді біраз уақытқа бос қойса, бүктемелеу тығыздығы азаяды, міне осы үшін де *пресстеу* операциясы өте қажетті. Дәптерлерді пресстеу үшін қысу пресстері қолданылады.

Жинақтау. Жинақтау деп белгілі ретпен бүктелген дәптерлерді және қосымша элементтерді блокқа жинау операциясын айтады. Блоктарды жинақтау бөлігінде басу цехында РРМ-да басылып шыққан өнім немесе бүктеу машинасында бүктеліп шыққан кос элементі бар дәптерлер келіп түседі. Блоктың барлық элементі бір ретпен жинақталуы керек. Блоктарды жинақтаудың екі әдісі бар:

- бір-біріне кигізіп (вкладкой)
- бірінің үстіне бірін қойып (подборкой);

Бір-біріне кигізіліп жинақталатын блоктарда дәптерлер бір-біріне кигізіледі. Ал, подборкамен жинақталған блоктарда дәптерлер бірінің үстіне

бірі қойылып жинақталады. Көлемі 64, 80 беттен аспайтын блоктарды вкладкамен жинақтаймыз. Егер вкладкамен жинақталатын блокта дәптерлердің көлемі әртүрлі болса (32, 16 және 8 беттік) онда, жинақтау кезінде үлкен көлемді дәптерді ішкі дәптер етіп, ал көлемі аз дәптерді сыртқы дәптер түрінде кигізу керек.

Блокты жіппен тігу. Кітап блоктарын бекіту әдістері кітаптық немесе кітапшалық блоктарға жинақталған дәптерлерді бір-біріне біріктіріп, келесі технологиялық өңдеуге жібереді.

Жіппен тігу ең ескі және ең тиімді ұзақ мерзімді бекіту әдістерінің бірі болып табылады. Бұрынғы кездері жіппен тігу әдісі қолмен орындалған. Кейін полиграфиялық техника механикаландырылып, автоматтандырылған кейін бұл әдіс арнайы машинада орындала бастады.

Жіппен тігу процесі арнайы жіппен тігуге арналған жартылай автоматтар мен автоматтарда орындайды.

Тігілген блокқа форзац желімдеу. Технологиялық процестің пресстеуден кейінгі сатысы, бірінші және соңғы дәптерге *форзац* жапсыру. Форзац кітап блогын түптеу қабымен біріктіру үшін қажет, және де кітапты безендірудің бір түрі болып табылады. форзацті даярлау үшін арнайы форзац қағазы пайдаланылады. Қарастырған басылымға техникалық ережелерге сай қарапайым форзац қолданылады. Бұл ең кең тараған форзац, өйткені құрылымы бойынша өте қарапайым және даярлау процесі толық механикаландырылған. Қарапайым форзац бір бүктелген қағаз парағы және бүгуге дейінгі парақ ені басылымның екі еселенген еніне тең, ал биіктігі басылымның кесуге дейінгі биіктігіне тең болуы керек. Форзац сызық бойымен ені 5мм желім жағылып, дәптердің түптелген жиегіне жапсырылады. Форзац дәптердің бүгілген түбінен орын қалдырып желімденуі керек.

Блок түбін қысу. Жіппен тігілген кітап блоктарын өңдеу блок түбін қысу операциясынан басталады. Бұл операция жіппен тігілген блоктардың түптерін мықтылау үшін керек және блок түбін желімдеу кезінде желім дәптердің ішкі беттеріне өтіп кетпеу үшін қажет. Барлық блокты өндейтін және оны қапқа кигізетін ағымды желілерде бірінші түбін қысу операциясы орындалады. Ол ағымды желінің секциясында немесе жеке мәшинелерде жасалынады.бірақ Zigloch ағымды желісінде бірінші болып орындалатын операция тігілген блокқа форзац желімдеу. Қазіргі уақытта барлық кітаптық басылымдар ағымдық желілерде орындалады. Өйткені ол желілердың өнімділігі өте жоғары және олар өнімнің жоғары сапасын қамтамасыз етеді.

Блок түбін желімдеу. Блок түбі қысылғаннан кейін желімдену керек. Яғни блок түбінен керекті мөлшерде желім жағылады. Желімдік қабат блок түбіне қаттылық береді және келесі операциялардың сапалы өтуін қамтамасыз етеді.

Блок түбін кептіру. Кітапшалау-түптеу цехында жартылай фабрикатты кептіру техникалық процесстің әртүрлі стадияларында орындалады. Кептіру әртүрлі желімдік ертінділер қолданылатын операциялардан кейін орындалады. Кептіру дегеніміз желімдік қабаттан артық қабатты жою. Кітап блоктарының

түптерін желімдегеннен кейін кептіру табиғи және жасанды жағдайда орындалады.

Блок түбін кептіргеннен кейін қысу. Блоктың түбін желімдегеннен кейін қағаз талшықтары ісініп, кішкене деформацияланады. Ал кептіру процессінен кейін блоктар бос қалыпта болады және дәптердің түптік фальцтары қопсыланады. Сондықтан блок түбін қалыпты жағдайға келтіру үшін оларды кептіргеннен кейін қысу керек. Бұл операцияны да блок түбін өңдеуге арналған ағынды желіде орындауға болады.

Блокты үш жағынан кесу. Желімденген және кептірілген кітап блоктарына түптеу қабын кигізбес бұрын үш жағынан кеседі. Үш жағынан кесу кітапты қолдануды ыңғайлы ету үшін, бүктеу кезінде пайда болатын тегіс емес жақтарын кесу үшін қажет. Кесу бір пышақты кесу және арнайы үш жақты кесу машиналарында жүргізілуі мүмкін.

Зиглох фирмасымен үш жақты кесу машинасы trim – тес – 56 өңделген. Онда кесу бір пышақпен іске асады, ал блок арнайы гидравликалық қысқышта қысылған, ол белгіленген көрсеткіштер бойынша бұрылып отырады. Түбі бойынша қысылған, желімденген және кептірілген блоктар келесі технологиялық операция үш жағынан кесу операциясына түседі.

Блокты түбін өңдеу. Келесі операция кітап түбін дөңгелету. Қолдану кезіндегі дайын кітап беріктігі, көбіне блок түбін өңдеуде жүргізілетін блок түбінің формасына байланысты. Блок түбінің формасын таңдау көбіне қолданылатын ортаға, блок қалыңдығына және бекіту түріне байланысты. Блок түбін дөңгелету: тік, дөңгелек және грибо тәріздес болуы мүмкін.

Барлық жіппен тігілген көлемі 160-200 бетке дейінгі блок түбі тік болуы керек. Бұл үлкен көлемді тік түбі бар блоктардың беріктігі төмен болады, кітаптің ашылуы қиындайды.

Мұқабалық қағаз бетіне пленка пресстеу. Кітап өндірісінде мөлдір полимерлік пленкамен пресстеу, түптеу қабын өңдеудің ең жиі қолданылатын түрі болып табылады. Кітап өндірісінде түптеу қабын өңдеудің ең жиі қолданылатын түрлері: мөлдір полимерлік пленкамен пресстеу, полиграфиялық фольгамен бедерлеу, блинтті және бедерлі түптік бояумен басу қолданылады. Бедерлі таңбалау – қыздырылған формамен мұқабаға, картонға, қағазға қысым беру арқылы бейне алу. Ол арнайы престе орынадалады.

Блокты түптеу қапқа кигізу. Түптеу қабында кітапты өңдеудің соңғы процесі – өңделген блок пен дайын түптеу қабын біріктіру.

Біріктіру кезіндегі қосымша операция штрихтау – түптеу картон мен отстав арасына қойылатын ойық, ол кітап жақсы ашылуын қамтиды. Ол мақсатқа пресстеу-штриховкалау машиналары қолданылады.

Штриховкалаудан кейін дайын кітапты белгілі жұмысшылар бақылап, орамаға жібереді.

Бақылау кітап шығарудың технологиялық процесі аяқталғаннан соң оларды жеке кітаптар бойынша тексереді, бұл басылымды шығарудың барлық сатыларына жүргізілетін кезеңдік бақылаудың жалғасы болып табылады. Кітаптың соңғы бақылауын бақылаушылар жүргізеді. Олар кітаптың сыртқы

түрін, қаптаманың ішкі жақтарын, кітапты ашып, титул парағы мен блогын карап шығады.

Тікпей желіммен бекіту әдісі. Пресстелген блок түбіне белгілі бір қалыңдықтағы желім қабаты жағылады. Желім қабаты блок түбіне қаттылық беріп, келесі өңдеу операцияларын жоғары сапамен орындауға мүмкіндік береді. Блок түбін желімдеу нәтижесінде дәптерлердің бекітілу беріктігі артып басылымның сапасы да жоғарылайды.

Түптік фальцтарын кесіп, тікпей желіммен бекіту. Бұл әдісте, бүктемеленіп, жиналған блоктағы дәптерлердің түптері тегістеледі де кесіледі, осы кесілген жерлерге желім жағылады.

Мен жобалаушы басылымды даярлау процесінде жіппен тігу және желімсіз бекіту әдістерін қолдандым.

Блоктарды бекіткеннен кейінгі операция үш жағынан кесу болып келеді.

Блок түбі кептірілгеннен кейін арнайы құрылғыда белгілі бір форматқа келтіріп алып кесу операциясы жүргізіледі. Бұл процесс өнімнің шеттерінің тегістігін қамтамасыз етіледі. Жартылай дайын өнімдерді кесу машинасында алдымен екі жағынан, сосын бір жағын кесу жүргізіледі. Кесу дәлдігі нақты және ешбір ақаулықтарсыз жүргізілуі тиіс. Ол үшін оператор форматты және кесу процесін қадағалап, реттейді.

Дайын өнімді оран-буу оларды кітап саудасы және басқа да ұйымдарға тасымалдау кездерінде бүлінуден сақтау үшін қажет [3].

1.4 Кітапшалау-түптеу цехының негізгі жабдығын таңдау

Polar 115 бір пышақты кесу машинасы. Бір пышақты кесу машиналарының қызметі басылмаған және басылған табақтарды керекті форматқа келтіру және бөліктерге кесу.

Polar 92 бірпышақты кесу машинасының техникалық сипаттамасы төменгі 2-кестеде көрсетілген.

2 Кесте – Polar 115 бірпышақты кесу машинасының техникалық сипаттамасы

Көрсеткіштер атауы	Көрсеткіштері
Үстелдің ені, см	115
Артқы үстелдің ұзындығы, см	115
Соңғы үстелдің ені, см	85
Буманың биіктігі, см	13
Кесу жылдамдығы, цикл/сағ.	45
Габариттік өлшемі, мм	2350×1650×2360

HEIDELBERG Stahl TH 56-6/6-K бүктемелеу машинасы. Кітапшалау-түптеу өндірісінде бүктемелеудің сан алуан түрлерін қолданады [4].

HEIDELBERG Stahl TH 56-6/6-K бүктемелеу машинасының техникалық сипаттамасы төменгі 3-кестеде көрсетілген.

3 Кесте – HEIDELBERG Stahl TH 56-6/6-K бүктемелеу машинасының техникалық сипаттамасы

Көрсеткіштер атауы	Көрсеткіштері
Максимальді форматы, мм	560×900
Минимальді форматы, мм	140×180
Такт саны, сағатына	50 000
Стапельдің максимальді биіктігі, мм	800
Максимальді қағаз қалыңдығы, гр/м ²	250
Минимальді қағаз қалыңдығы, гр/м ²	40
Габариттік өлшемі, мм	6650×1650×1640
Қуаты, кВт	5,4

Кіші форматты бүктеу машинасы (фальцминиатюра). Duplo фирмасының жоғары өнімді бүктемелеу машиналары қағаз табақтарын бүктеу операциясы үшін қолданады, жобада форзацтарды бір бүгіліммен бүктеу үшін қолданамыз.

Duplo кіші форматты бүктеу машинасының техникалық сипаттамасы төменгі 4-кестеде көрсетілген.

4 Кесте – Duplo кіші форматты бүктеу машинасының техникалық сипаттамасы

Көрсеткіштер атауы	Көрсеткіштері
Қағаздың форматы(макс,мин), мм	297×432/128×182
Қағаздың тығыздығы, г/м ³	52-157
Өнімділігі, табак/сағ	12000
Беретін ағымның сыйымдылығы, табактар (70г/м ²)	450
Қағаз параметрлерін орнату	автоматты
Электр қуаттылығы, В/Гц	230/50
Өлшемдері(ҰхЕхБ), мм	1086×524×497
Салмағы, кг	43

Zechini SIGNA *наковальды қысу пресс машинасы.* Машина дәптерлерді бүктемелеу құрылғысынан шыққаннан кейін қысыммен пресстейді. Бұл пресстің түрі дәптерлерді сыйымды етеді. Ол қағаз өндірісінде жүретін операциялар барысындағы калдық деформацияларды алу немесе деформацияларды бекіту мақсатына негізделген [5].

Паковальды қысу машинасының техникалық сипаттамасы төменгі 5-кестеде көрсетілген.

5 Кесте – Zechini SIGNA паковальды қысу прессінің техникалық сипаттамасы

Көрсеткіштер атауы	Көрсеткіштері
Қалыптың қысылуының максималды ашылуы,мм	700
Қалыптың қысылуының минималды ашылуы,мм	320
Қалып қысымының пайдалы өлшемі,мм	260×360
Габаритті өлшемі,мм	1100×5001070
Салмағы,кг	190
Дәптерлерді беру	Қолмен
Қысым	Электро-механикалық
Дәптерлерді жинау	Қолмен

Sprinter e/e XL табақтарды жинақтау машинасы. Кітап-журнал басылымының құрылымына байланысты кітап блоктарының жинақталуы бірінің ішіне бірі кигізіліп және бірінің үстіне бірін қойып болып бөлінеді. Жеке табақтардан тұратын басылым тек қана бірінің үстіне бірі қойылып жинақталады. *Sprinter e/e XL* табақ жинақтау машинасының техникалық сипаттамасы 7-кестеде көрсетілген.

6 Кесте – Sprinter e/e XL табақ жинақтау машинасының техникалық сипаттамасы

Көрсеткіштер атауы	Көрсеткіштері
Станция саны	24 станция Criss/Cross қабылдағышымен
Максималды формат, мм	355×311
Минималды формат, мм	128×92
Беру түрі	пневматикалық
Қағаз, м/г ²	45-250
Максималды жылдамдығы, к/сағ	3000 – нан 5000 мыңға дейін
Габариттік өлшемдері, м	13200×3160×1170
Қуаты, кВт	20

PURPLE MAGNA SX150 жіппен тігу машинасы. Бұл машина дәптерлеп тігуге қолайлы және өнімділікті болып келеді. Жіппен тігу машинасының техникалық сипаттамасы 7-кестеде көрсетілген.

7 Кесте – PURPLE MAGNA SX150 жіппен тігу машинасының техникалық сипаттамасы

Көрсеткіштер атауы	Көрсеткіштер
Дәптердің минимальді өлшемі, мм	80×150
Дәптердің максимальді өлшемі, мм	320×420
Максимальді механикалық жылдамдығы, цикл/сағ.	9000
Инелердің ара-қашықтығы, мм	19
Иненің диаметрі, мм	1,6
Минимальді дәптер саны	2
Максимальді дәптер саны	4
Қуаты, кВт	3,7
Габариттік өлшемі, мм	2550×1700×1750

GFQ-1300 бобина кесу машинасы. Бұл машиналардың маңызды белгіленуі түптеу қаптарын дайындау болып табылады. Қалың қатырма қағаз кескіштерде қатырманың шет жақтары, ал белдек кескіштерде қағаз орамасын кеседі және матаны ұзынша қиықтарға кесіп, оны керек еніндегі белдектерге орайды. Белдек кескіш машиналарда сонымен қатар, түптелген матаның тілімін желімдеп, орамға орауға болады.

GFQ-1300 бобина кесу машинасының техникалық сипаттамасы 8-кестеде көрсетілген.

8 Кесте – GFQ-1300 бобина кесу машинасының техникалық сипаттамасы

Көрсеткіштің атауы	Көрсеткіштер
Рулонның максимальді диаметрі, мм	700
Рулон ені, мм	1300
Қағаз қалыңдығы, мм	0,015 - 0,15
Рулонның (конечный) ені, мм	50 - 1300
Рулонның (конечный) максимальді диаметрі, мм	420
Кесудің максимальді жылдамдығы, мм	300
Қуаты, кВт	13
Габариттік өлшемі, мм	2750×1750×1600
Салмағы, т	3,5

«Зиглох» ағынды желісі. Жіппен тігілген блоктар кітап блогын өңдеуге жіберіледі. Ол «Зиглох» ағынды желісінде жүргізіледі.

Ол ағынды желі келесі агрегаттардан тұрады:

- *D NH-80* блок түбін қысып, блоктың барлық беті бойымен екі есе қысу жасайды;
- *VAM-70* форзац желімдеу аппараты, онда форзац тігілген блокқа желімденеді, желім форзац жағылады;

- *SB-7020* блок түбін желімдейтін және кептіретін машина;
- *Trim/tec 45i* үш жағынан кесу автоматы;
- *BL-500* қап кигізу машинасы;
- *EP – 608* престеу штриховкалау машинасы;
- *TF* – желімдегеннен кейін блок түбін кептіру машинасы

Ағынды желіден дайын кітаптар шығады, олардың сапасы тексеріліп, оратылып дайын өнім қоймасына жіберіледі [6].

Ағымды желінің техникалық сипаттамасы 9-кестеде көрсетілді.

9 Кесте – «Зиглох» ағымды желісінің техникалық сипаттамасы

Көрсеткіштердің атауы	Көрсеткіштер
Кітаптың максималды форматы, мм	300×390
Кітаптың минималды форматы, мм	80×100
Кітаптың қалыңдығы, мм	8-50
Штрихтау уақыты, с	0,9-0,99
Қуаты, кВт	35
Габариттік өлшемдер, м	5,2×17
Массасы, кг	650

Purlux ZCO-1350 картон кесу машинасы. *Purlux ZCO-1350* машинасы тығыз және қалың материалдар, яғни картон, пластик кесуге арналған үлкен форматты кесу құрылғысы. Бұл машина түптеу қаптары, папкалар, қораптар және планшеттер өндірісінде кеңінен қолданыс тапқан машиналардың бірі. Қатырма кесу машинасының техникалық сипаттамасы 10-кестеде көрсетілген.

10 Кесте – Қатырма кесу машинасының техникалық сипаттамасы

Көрсеткіштер атауы	Көрсеткіштері
Қатырманың ең үлкен ені, мм	1200
Материал қалыңдығы, мм	5
Қатырманың ең кіші ені, мм	80
Жұмыс жылдамдығы, м/мин	75
Қуаты, кВт	1,5
Габариттік өлшемдер, м	1200×2000×1100
Массасы, кг	2000
Қатырма ұзындығы	кез-келген

Purple Magna HSK 30 қап даярлау машинасы. *Purple Magna HSK 30* қап жасау автоматының жаңа моделін Колбус фирмасы шығарған. Бұл машинаны Sorilot жүйесі жүктеу уақытын 2-25 минутқа дейін қысқартуға мүмкіндік береді. Оның өндірістік циклі қысқартылған және тиімді қуаты жоғарылатқан. Қап даярлау машинасының техникалық сипаттамасы 11-кестеде қарастырылған.

11 Кесте – Purple Magna HSK 30 қап жасау автоматының техникалық сипаттамасы

Көрсеткіштер атауы	Көрсеткіштері
Өнімділігі, айн/мин	30 цикл/мин
Қатырмалық жақтың максимал өлшемі, мм	405×560
Қатырмалық жақтың минимал өлшемі, мм	110×155
Отставтың қалыңдығы, мм	0,3-0,5
Отставтың ұзындығы, мм	8-80
Түптеу қабының өлшемі, мм	110-405×155-665
Түптеу қабының қалыңдығы, мм	1,5-3,5
Түптеу материалының тығыздығы, г/м ²	80-200
Габариттік өлшемдері, мм	4800×3250×1690
Қуаты, кВт	12,6
Массасы, кг	3800

TERMO COMPACT автоматты пленка желімдеу машинасы. TERMO COMPACT моделі ролонды материалды автоматты түрде береді, автоматты түрде кеседі және қолмен қабылдап алынады, сонымен қатар материалдың беру кезіндегі дәлдігін қамтитын форматқа сай келтіруден тұрады. TERMO COMPACT автоматы өзібергішпен, фотодатчикпен, ИҚ кептіру құрылғысымен қамтылған. Пленка пресстеу машинасының техникалық сипаттамасы 12-кестеде көрсетілген.

12 Кесте – TERMO COMPACT автоматы пленка желімдеу машинасы техникалық сипаттамасы

Көрсеткіштер атауы	Көрсеткіштері
Парақтың ең үлкен өлшемі, см	74×104
Парақтың ең кіші өлшемі, см	28×28
Өнімділігі, м/мин	40
Қағаз тығыздығы, г/м ²	135- 600
Жұмыс қысымы, кг	4000
Қыздыру температурасы, С ⁰	100-125
Қуаты, кВт	18
Габариттік өлшемдер, мм	1550×3500×1900
ИҚ сәулелер қуаты, кВт	30
Салмағы, кг	1850

СТ – 100 автоматты орап-байлау машинасы. СТ – 100 машинасында түрлі орап-байлау материалдары қолданылады. Бұл пышақты композициялы эластикалы полиэтилен негізіндегі лента. СТ-100 машинасы жеңіл орамаларды орап байлауға арналған [6].

СТ-100 автоматты орап-байлау машинасының техникалық сипаттамасы 13-кестеде көрсетілген.

13 Кесте - СТ-100 автоматты орап-байлау машинасының техникалық сипаттамасы

Көрсеткіштер атауы	Көрсеткіштері
Орап-буу өлшемі, мм макс./мин.	800×1000/180
Орап-буу столының тереңдігі, мм	350
Жылдамдығы, басылым/мин	25
Жетек қуаты, кВт	0,37
Габариттік өлшемі, мм	1200×1530×1850
Салмағы, кг	30

Superbinder JMD-150 тікпей желіммен бекіту желісі. Ағымды желіге келесі негізгі мына бөліктер кіреді: тікпей желіммен бекітуге арналған машинасы, терможелімді суыту немесе суық желімді кептіруге арналған транспортер, кітап блогын үш жақты кесуге арналған машина. Табақжинақтау машинасынан келіп түскен жинақталған дәптерлер тікпей желіммен бекіту машинасына түседі.

Superbinder JMD-150 тікпей желіммен бекіту желісінің техникалық сипаттамасы 14 - кестеде көрсетілген.

14 Кесте - Superbinder JMD-150 тікпей желіммен бекіту желісінің техникалық сипаттамасы

Көрсеткіштердің аталуы	Көрсеткіштері
Блок ұзындығы, мм	140-450
Блок ені, мм	120-270
Мұқаба ұзындығы, мм	140×455
Мұқаба ені, мм	245×594
Механикалық жылдамдығы, дана/сағ	1800
Каретка саны	3
Габариттік өлшемдері, мм	2710×1270×1320
Жалпы қуаты, кВт	13

1.5 Кітапшалау-түптеу процесінің негізгі материалдарын таңдау

Полиграфияда қолданылатын материалдар шартты түрде екіге бөлінеді: негізгі және қосымша. Негізгі материалдар дайын өнім құрамына енеді, ал қосымша материалдар технологиялық процестерді жүргізу үшін ғана қажет.

Форзацтық қағаз ГОСТ 6742 - 79. Форзац қағазы кітап блогы мен түптеу қабын біріктіріп тұратындықтан оның механикалық беріктігі, әсіресе сынуға қарсылығы жоғары болу керек. Өңір беттік қағаз 100% ағаш целлюлозасынан тұрады және 1 м^2 қалыңдығы 80-160 мкм болады.

Қолданылатын өңір беттік қағаздың қалыңдығы кітап блогының көлеміне байланысты, кітап блогының көлемі үлкен болса, қалың өңір беттік қағаз қолданылады.

Форзацтық қағаз О және А маркалы болып екіге бөлінеді. О – ақ, А-ақшыл, ашық түспен боялған. О маркалы өңір бет қағазы 1 м^2 – 100, 120, 140, 160 г, ал А маркасы 1 м^2 – 100, 120, 140 160, 180 г болып шығарылады. 140, 160, 180 г салмақтағы өңір бет қағаздары үлкен форматты және үлкен көлемді басылымдарға қолданылады. О маркалы өңір бет қағазының сапасы жоғары және беріктігі де жоғары.

Мұқабалық қағаз. Мұқабалық қағаз кітаптың, кітапшаның, журнал және дәптерлердің мұқабасын және түптеу қабын даярлауға қолданылады. Мұқабалық қағаздың беті тегіс және өрнекті, ақ және боялған болуы мүмкін.

Мұқабалық қағаз әртүрлі маркада шығарылады. А маркалы мұқабалық қағаз 100% сульфитті целлюлозадан тұрады, ол жұмсақ мұқабалы кітаптарда қолданылады. Б маркасы сульфатты целлюлозадан тұрады бұл маркасы тозуға төзімді болады. В маркасының құрамында 20% ағаш массасы бар.

Түптеу картоны ГОСТ 7950 – 77. Түптеу картоны қағаздардан қалыңдығымен өзгешеленеді. Түптеуге арналған картонды басылымның форматына, көлеміне және түптеу түріне қарай таңдайды. Түптеу картоны А, Б, В маркасында және әртүрлі қалыңдықта шығарылады. Картон біртекті кеуекті, және беті желімді жақсы қабылдауы қажет.

Желімдер. Полиграфияда дисперсия түріндегі синтетикалық желімдер кенінен қолданылады.

Поливинилацетатты дисперсия. (ПВАД). Полиграфияда 50-60% полимер және 15% пластификаторқосапынан тұратын дисперсия қолданылады. Дисперсия – ақ түсті, иіссіз, зиянсыз.

ПВАД-ны кітапты тікпей желімдеуде, кітап блогының түбін, түптеу қабын даярлағанда қолданады. Бұл желім қыздырылмай қолданылады. Қағазға беку жылдамдығы 10с.

Желімнің жабысу күші жоғары – 500 г/см, жабысқақтығы жоғары және тез кебеді. Қалыпты температурада беріктігін 6 айға дейін ұстайды.

Термопластикалық желім (терможелім) жай температурада қатты, температураны 130°C -ға дейін қыздырғанда жабысқақ сұйық түрде болатын балқымалы полимерлік композиция болып табылады. Терможелім көбінесе кітап блоктарын тікпей желіммен бекіту үшін қолданады. 3-5 с суығанда желім мөлдір эластикалық пленка түзейді.

Терможеліммен жұмыс істегенде температуралық режимді ұстанған дұрыс. Себебі, егер желім қыздырылып кетсе, желім ыдырап өзінің желімдік қасиетін жоғалтады. *Тормelt PUR4* терможелімі қолданылады.

Бұл желіммен журналдарды, техникалық құжаттарды, каталогтерді, кітаптарды, оқулықтар мен ғылыми кітаптарды, анықтамаларды тікпей желіммен бекітуге арналған. Блоктарды және түптік алаңын желімдеуге арналған [8]. *Тормelt PUR4* полиуретандық желімнің техникалық сипаттамасы 15-кестеде көрсетілген.

15 Кесте - Topmelt PUR4 термопластикалық желімнің техникалық сипаттамасы

Көрсеткіштердің аталуы	Көрсеткіштер
Тұтқырлығы	6000 mPas
Термотұрақтылығы	Жақсы
Жұмыс істеу (желім жағу) температурасы	120±5°C
Қыздыру температурасы	100-110°C
Бастапқы пленка қаттылығы	2-3 минут
Пленканың 70% қаттылығы	2-4 сағат
Соңғы қаттылығы	8-36 сағат

Синтетикалық жіптер – капрон (перлон,силон) және анид (найлон, дедерон) полиамидті полимерлерден даярланатын материал. Ол үшін полимерді балқытады және тетіктері 0,25 мм диаметрі болатын фильерлер арқылы теседі. *Синтетикалық капрон жіптер* – кітап пен брошюралар тігу үшін ең күшті материал. Бұл жіптер мақта-қағазды жіптерден жіңішке және 2 есе мықты.

Каптал. Каптал ені 15 мм болатын тесьма. Каптал әртүрлі боялған жібек, жартылай жібек мақтаматалы жіптерден жасалған материал. Капталдың ұзындығы 100 м дейіне болады. Олар арнайы втулкаға оралып, түптеу жұмыстары үшін пайдаланылады.

Пленка – жұқа полимерлік мөлдір материал. Таңба бетіндегі пленка жоғары жылтырлықты, тегістік, механикалық беріктік мен суға төзімділік қасиеттерін береді. Инфрақызыл сәулеленуы бар кептіру құрылғысы арқылы өткенде желім кебеді [9].

1.6 Кітапшалау-түптеу цехының материалдарын есептеу

Кітапшалау-түптеу цехының материалдарын есептеу А қосымшасында берілген.

1.7 Технологиялық есептеулер

Технологиялық есептеулер кітапшалау-түптеу цехының жылдық жүктемесінен, негізгі жабдықтарды және негізгі жұмысшылардың санын есептеу, кітапшалау-түптеу цехының жабдықтар тізімі мен алатын аудандарының мәліметтерінен тұрады.

Кітапшалау-түптеу цехының технологиялық есептеулері Б қосымшасында көрсетілген.

1.8 Қойма шаруашылығы

Дайын өнімдер қоймасы буып түйілген өнімдерді сақтау және жөнелтуге тағайындалған.

Материалдар қоймасында әртүрлі шикізаттар мен материалдарды сақтайды.

Материалдар қоймасы. Полиграфиялық өндірістің материалдар қоймасы универсалды болып табылады. Онда өндірісте қолданылатын материалдардың барлық түрі сақталынады: түптеу материалдары, баспа бояулары, желімдер, химикаттар, артық заттар. Қоймада материалдарды сақтау шарттары болу керек. Ондағы материалдардың қасиеттері өзгермеу үшін бір қалыпты және жылулық құрылысы бар өндіріс ішінде орналастырады. Материалдар қоймасының ауданы 42 м².

Дайын өнім қоймасы. Дайын өнімдер қоймасында орап буылған өнім арнайы орамада тапсырыс берушіге жіберілу үшін сақталады. Газет, журнал шығаратын өндірістерде дайын өнім экспедицияға жіберіледі де сонда жинақталып оралады [7].

Қойманың ауданы шығарылатын өнімнің сақтау уақытына байланысты болады. Бір тонна дайын өнімге 3м² есептеледі. Шамамен 1 кітап 1500 г деп есептесек, жылына 7625 мың дана кітап шығарылады, дайын өнім қоймасының ауданы 36 м². Қоймалардың аудандарының тізімі 20-кестеде көрсетілген.

20 Кесте - Қоймалар аудандарының тізімі

Қойманың аты	Ауданы, м ²
Материалдық	42
Дайын өнім қоймасы	36
Барлығы:	78 м²

2 Еңбек қорғау бөлімі

Жұмыс деңгейін көтеру мақсатында полиграфиялық кәсіпорындардың қоршаған ортаға тигізетін әсерін болдырмас үшін әрбір кәсіпорында қоршаған ортаны қорғау қызметтері болуы шарт.

Тұрғындарды өндірістік зиянды заттардан қорғау үшін кәсіпорын мен тұрғын үйлердің аралығында санитарлы қорғау зоналары орнатылады. Полиграфиялық кәсіпорынның ағынды сулары ластану құрамына қарай қышқылды, сілтілі, бір немесе бірнеше металды немесе олардың тұздары бар күрделі заттар, сонымен бірге мұнай қалдықтары немесе басқа да заттармен ластанулар. Сондықтан осыларды қалалық канализацияларға тастауға тиім салынады.

Қауіпсіздік техникасы бұл – жұмысшыларға әсер ететін қауіпті өндірістік факторлардың алдын-алатын құралдар мен шаралардың техникалық және ұйымдасқан жүйесі.

Полиграфиядағы өндірістік жарақатпен түрлі ауруларға ұшыраудың себебін тексере келе, еңбектің қауіпсіздігі мен зиян келмеуі өндірісті ұйымдастыру мен технологиялық процесстердің сипатымен байланысты екенін көрсетіп отыр.

2.1 Ауа ортасының микроклиматы және тазалығы

Өндіріс бөлмелерінің микроклиматы деп – ауа ортасының күйі, ол, температура, ылғалдылығы, ауа жылдамдығы мен жарық сәулесі инфрақызыл. Бұл жағдайлар адам ағзасының терморегуляциясына, қоршаған орта мен адам ағзасының жылу алмасуына әсер етеді.

Санитарлық заңдарға сәйкес өндіріс бөлімі жылы – жылу бөлінуі $1\text{ м}^3/\text{сағ}$ -на 20 Дж.

Адам ағзасының ауыр физиологиялық процесстерге жылуазығы мен жылуалмасуы қоршаған ортаның микроклимат жағдайы ауысқан кезде реттей алуы қажет [12].

2.2 Ауаны тазарту және желдету

Барлық өндірістік және қосымша бөлмелердегі ауа ортасының санитарлы-гигиеналық жағдайын туғызу үшін желдеткіштер орнатылуы керек табиғи, механикалық және аралас.

Жұмыс орнын қажетті ауа ортасымен қамтамасыз ету үшін қажетті ауа мөлшерін анықтайтын факторлар:

А. Жылу бөлетін бөлмелерде – жылу таусылғанда;

